

2023-2024 оқу жылындағы
ұйымдастырушы-педагогтың жылдық жұмыс есебі

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
Педагог- ұйымдастырушының 2023 -2024 оқу жылында атқарылған
жұмыстардың жылдық есебі .

Жыланбұзған жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылы 1-қыркүйек күні «Мектеп-мейірім мекені!» атты салтанатты мерекелік жиын өткізілді. Мерекеге байланысты мектеп ауласына безендіру жұмыстары жүргізілді. Ту ұстаушылар мен 1-11 сынып оқушылары дайындалды.

Мерекелік жиын 2023 жыл 1 қыркүйек күні сағат 9.00-де басталды. Оқушылар сапқа тұрғызылып 1-сынып оқушылары ортаға салтанатты түрде мұғалімдерімен бірге шақырылды.

Ортаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы кіргізіліп, мемлекеттік Гимн орындалды. Мектеп директоры К.Алтаева салтанатты жиынды ашып, ұстаздар мен оқушыларды құттықтады.

1-11 сынып оқушылары дайындаған бағдарлама көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы шығарылып, мектеп оқушылары дайындаған концерттік бағдарлама көрсетілді. Зейнеткер мұғалімдер құттықтады.

Алғашқы қоңырауды соғу рәсімі өткізіліп, 1-сынып оқушылары салтанатты түрде өз сыныптарына кіргізілді.



2023-2024 оқу жылының қыркүйек айларында «Еңбек елдің мұраты» атты көгалдандыру айлығы өткізілді. Әр аптада мектеп айналасындағы күл-қоқысты жинау, санитарлық тазалау, арық-атыздарды қоқыстардан тазалау жұмыстары жүргізілді. Көктемде отырғызылған көшеттер мен ағаштарды аман сақтап қалу мақсатында өз уақытында суару, күту, баптау шаралары жүргізілді. Көктемде егілген көшеттердің есебі жүргізілді. Қысқы мезгілдің жақындауына байланысты көшелер, алаңдар, су арналары қоқыстан тазартылып, көзі ашылды. Мектеп алдындағы гүлзарға күздік тазалық жұмыстары жүргізілді



2023-2024 оқу жылы 27 қыркүйек күні Мұғалімдерге арналған «Мұғалім мектептің жүрегі » атты мерекелік шара өткізілді. Мақсаты: мұғалімдерді кәсіби мерекесімен құттықтау. Мектептің акт залына мерекеге орай безендіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар ұстаздарға арнап қабырға газеттерін, ашық хаттар жасады.



Мерекелік бағдарламаны 11 сынып оқушылары жүргізді. 11 сынып оқушылары «Ұстазым» әнін орындады. 1 сынып оқушылары «Ұстаздарға мын алғыс» атты тақпақтарын мәнермен айтты. 8 сынып оқушылары би биледі. Мектепке мерекеге арнайы шақырылған зейнеткер ұстаздарға мектеп ұстаздары мен оқушылары атынан гүл шоқтары тапсырылды. Мектеп директоры жетістікке жеткен бір неше ұстаздарды марапаттады. Меркелік бағдарлама ұстаздардың көңілінен шыққанын айтты.

2023-2024 оқу жылы қазан айының жұлдызы күні Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты кездесу шарасы өткізілді. Мақсаты: 1-қазан Қарттар күніне орай қарттарды құттықтау, қамқорлық көрсету, адамгершілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. Аға тәлімгер А. Урманшиков өткізді.

Қазан айының 1 жұлдызы күні 7-11 сынып оқушылармен аға тәлімгер ұйымдастыруымен «Қарттарым, аман-сау жүрші!» тақырыбында акция өткізілді. Мақсаты: 1-қазан Қарттар күніне орай елді мекендегі қарттарды құттықтау, қамқорлық көрсету, адамгершілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. 6-11 сынып оқушылары тыл ардагерлер үйлеріне барып, Қарттар күнімен құттықтап, үй шаруасына көмектесіп, сұхбаттасып, қариялардың өнегелі әңгімелерін тыңдады. Қарияларға ән айтып, өлеңдер оқып, өз өнерлерін көрсетіп, қариялардың батасын алды.



2023-2024 оқу жылы қазан айының жұлдызы күні 5-10 сынып оқушылары арасында «Алтын күз» шарасы өткізілді. Мақсаты: жастарды патриоттыққа тәрбиелеу, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту, бірлік пен ынтымаққа баулу.

Байқау «Таныстыру», «Табиғат туралы өлең немесе монолог оқу», «Өнер көрсету», «Сұрақ-жауап», «Күз-береке» дастархан мәзірі, «Қолөнер», «Авангард» шарттары бойынша өтті. Оқушылардың өнері мен білімін мұғалімдер мен ата-аналардан құралған әділқазылар бағалады. Жеңімпаз оқушылар Мақтау қағаздарымен марапатталды.



2023-2024 оқу жылы желтоқсан айының 27-29 желтоқсан күндері «Аяз ата шеберханасында» шарасы өткізілді. Мақсаты: Жаңа жылдық безендіру шарасына оқушылардың үлесін қосу, еңбекке, әсемдікке, ынтымақ пен бірлікке тәрбиелеу. Мектептің спорт залына 9-11 сынып оқушылары түрлі безендірулер жасалды. Ата-аналардың көмегімен жаңа жылдық шырша жасалып, қажетті ойыншықтармен безендірілді. Оқушылардың өз қолдарымен жасалған қолөнер заттар да ілінді. Жаңа жылдық шырша мерекесі арнайы дайындалған сценарий арқылы жүргізілді. Оқушыларға Аяз ата өнерлері үшін өз сыйлықтарын сыйлады. Оқушылар ән айтып, би биледі, тақпақтарын жаттады.

9-10 сынып оқушыларына арналған балмаскарад мерекесі 27.12.23ж. күні сағат 13.00.-17.30. аралығында өткізілді. Мерекелік шаралар барысында ешқандай құқықбұзушылық, тәртіпбұзушылық әрекеттер болмады.

Барлық оқушыларға қысқы демалыс кезінде өмір қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау жөнінде ескертілді.

Оқушылардың қысқы демалыс кезінде «кел достым бірге кітап оқиық» қысқы дем алыста оқушылар библиотекада кітап оқыды. Бастауыш сынып оқушылар ертегілер еліне кітапханаға саяхат өткізді. Наурыз айында 7-8 сыныптар арасында Волейболдан

спорттық жарыс ұйымдастырылды. I орын 7 «А», II орын 6 «Б», III орын 8 «Б» сынып ие болды.



Ауған оқиғасының тарихи мағынасын ашып, жайлы тереңірек біліп тану, соғыс ардагерлерінен мәлімет алу, тарихи деректердің маңыздысын аша білуге бағдыландыру мақсатында «Ауған соғыс ардагерлерімен кездесу» ұйымдастырылды.





Оқушы бойында ізгілік,инабаттылық,биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу мақсатында Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.



Оқушыларға қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейремі жөнінде түсінік бере отырап, халқымыздың салт –дәстүрін бойларына дарыту арқылы шынайылыққа ,адамгершілікке ,ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында 22-Наурыз мерекесі ұйымдастырылды.





«Сынғырла соңғы коңырау» бастауыш сыныптарда өткізілді. Бастауыш сынып оқушылары марапатталды.





Ўйимдастырушы педагог:  М.Адиллов